

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
ТАЛАПКЕР 2024

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Музыкалық драма және қуыршақ театр өнері»	6B02116 - «Музыкалық театр режиссурасы»	Қазақ Орыс	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

• **6B02116 - «МУЗЫКАЛЫҚ ТЕАТР РЕЖИССУРАСЫ»БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

МАМАНДАНДЫРЫЛУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ТАЛАП:

«Музыкалық театр режиссурасы» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына түскісі келетін талапкерлердің орта немесе арнайы орта (**Режиссура,актерлық өнер, хор дирежерлеу мамандықтары бойынша кәсіби колледж**) білімі болуы міндетті. Талапкерлер өзінің өнерге деген дарыны мен қабілетін, табиғи шығармашылық әлеуетін, музыкалық қарым-қабілетін, өлшем-ырғақты қабылдау мүмкіндігін, бейнелі ойлау, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын, көркемдік талғамын, жігер-қайратын, көрсете білуі шарт. Талапкердің денсаулығы қуатты физикалық жағынан және ән салу, сөз сөйлеу мәнері тұрғысынан кемшіліктер болмауы тиіс. Дикциясы анық, дыбыстарды таза айта алатын, дауысы қуатты, дене қимыл әрекеттері икемді, қиялдау ой жүйесі өте кең әрі ширақ, музыкалық қарым-қабілеті жеткілікті болуы керек.

Талапкердің жас шамасы:

Қыздар - 17 мен 25 жас аралығы;

Ұлдар - 17 мен 35 жас аралығы;

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - режиссер экспликациясын жазу:

Емтихан барысында талапкер режиссура және қойылым жанрының теориялық ғылыми негіздеріне сүйене отырып, кез-келген драматургтың пьесасын таңдан алып, оны қалай сахналайтыны жайында режиссерлық экспликация жазуы керек.

Пьесаның авторына анықтама беру: - пьесаның тақырыбын, идеясын, жанрын, драмадағы тартысқа арқау болған алғашқы, басты, шешуші оқиғаларды анықтап жазады. Емтихан тапсырушыға 12 минут уақыт беріледі. Емтихан барысында талапкер режиссура және қойылым жанрының теориялық ғылыми негіздеріне сүйене отырып, кез-келген драматургтың пьесасын таңдан алып, оны қалай сахналайтыны жайында режиссерлық экспликация жазуы керек.

Пьесадағы кейіпкерлердің мақсат-мүдделерінің қайшылығынан туындаған басты тартысты анықтап, оны тудырған басты себептерді драматург ұсынған деректерге сүйене отырып дәлелдеуі қажет.

Пьесаның музыкалық көркемделуін, кейіпкерлердің дауыс тембрі (тенор, баритон, сопрано, контр альт) мен дауыс диапазонын (бір немесе бір жарым октава) автордың берген мінездемесіне сүйене отырып, өз көзқарасын да ашып жазады.

Режиссерлық шешім: - талапкердің пьесаны қаншалықты терең түсінгендігін, оның болашақ қойылымының образдық бейнесі, айтар ойы бүгінгі күнмен қаншалықты үндесіп жатқандығын айқын көрсетеді.

Талапкер өмір шындығы мен өнер шындығының ара-жігін ажырататын критериларды білуі қажет.

Қосымша - Болашақ қойылымның жанрлық ерекшелігіне сай, қандай театрдың сахнасында қоятынын, қойылымында белгілі қандай актерлер ойнайтындығын, қандай композитордың музыкасын пайдаланатынын, музыка жанрын және де, қандай театр суретшісінің көмегіне жүгінетінін режиссер экспликациясында ашып жазуы керек.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - коллоквиум:

Емтихан барысы билет алу, сұрақтарға жауап беру арқылы өтеді. *(мамандыққа қатысты қосымша сұрақтар және тапсырмалар болуы мүмкін)*

Емтихан барысы билет алу, сұрақтарға жауап беру арқылы өтеді.

Әлемдік және қазақ драматургиясы, театр тарихы, қазақ халық композиторлары мен қазақстан композиторларының шығармаларының өркендеп қалыптасу кезеңдері және бүгінгі таңдағы театр тынысы, әдебиет, музыка, кино, би, бейнелеу өнері туралы сұрақтар қойылып талапкерлердің білім деңгейі, ой-өрісі анықталады.

Әлемдік және қазақ драматургиясы, театр тарихы, қазақ халық композиторлары (Біржан сал, Ақан сері, Майра, Жаяу Мұса, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, Сүгір Әліұлы, Қорқыт, Мұхит Мералыұлы, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев және А.Қ.Жұбанов, А.Хамиди, Е.Г.Брусиловский, Б.Г. Ерзакович, М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, Ә.Еспаев, И.Жақанов,

Ш.Қалдаяқов) мен қазақстан композиторларының шығармаларының өркендеп қалыптасу кезеңдері және бүгінгі таңдағы театр тынысы, әдебиет, музыка, кино, би, бейнелеу өнері туралы сұрақтар қойылып талапкерлердің білім деңгейі, ой-өрісі анықталады. Сондай ақ талапкердің саяси әлеуметтік ой өрісі, интеллектуалдық деңгейі, дүниетанымы мен эстетикалық талғамы тексеріледі. Талапкерге 8 минут уақыт беріледі.

Қосымша - талапкер қара сөз, поэзия, мысал, ән, би, музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен шығармалар орындап өнердің бар саласы бойынша өзінің мүмкіндігімен, бойындағы талантын көрсетуге мүмкіндігі бар.

1-30 аралығындағы билет санын таңдайды. 1 билетте 3 сұрақтан болады. Комиссия билеттегі сұрақтарды оқып береді. Емтихан тапсырушы ойын жинақтап, жүйелі түрде бірден жауап беруі керек. Комиссиясының шешімімен қосымша сұрақтар болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ:

1. Емтихан тапсырушы емтихан тапсыру барысында байланыс құралдарын (мобилді телефон, видео камералар, смартфон сағаттар) пайдалануға болмайды.

2. Емтихан тапсырушы емтихан тапсыру барысында көмекші құралдар (музыка жазылған флешкалар, музыкалық аспаптар т.б) пайдалануға болады

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I - шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I - шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II - шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II - шығармашылық емтихан</i>
45-50	Талапкер емтихан талаптарына сай сенімді ,шынайы өте жоғары деңгейде дайын болса	45-50	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға өте жоғары деңгейде толықтай жауап бере алса
40-44	Талапкер емтихан талаптарын сенімді деңгейде орындаса. Алынған пьесалардың драматургиялық құрылымына назар аудармаса	40-44	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алса, өзінің интеллектуалдық деңгейін дүниетанымы мен эстетикалық талғамы көрсете білсе

35-39	Талапкер пьесадағы автор ойын толық жеткізе алмаса,	35-39	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтардың 80% толықтай жауап бере алса, сондай ақ қосымша қойылған сұрақтарға кең көлемде жауап берсе
30-34	Талапкер пьесаның шығармасының көркемдік ой жүйесін толық жеткізе алмаса	30-34	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтарға қанағаттанарлық деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса
25-29	Егер талапкер жазған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса	25-29	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтардың 60% -на орташа деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса
20-24	Егер талапкер шығарма авторының идеясын толық жеткізбесе және талапкерлерге тандалған музыка осы шығармаға өз функциясын орындамаса	20-24	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға 50% -на жауап бере алмаса, және қосымша қойылған сұрақтарға жүйелі кең көлемде жауап бере алса
15-19	Егер талапкер автордың идеясын, көркем шығарманың негізгі идеясын түсіне алмаса, шығарманың жанрын анықтамаса	15-19	Талапкер емтиханға толық дайындықпен келмесе, билетіндегі көрсетілген сұрақтарға ойы жүйесіз шашыраңқы, жауап берсе, қосымша қойылған сұрақтарға да толық жауап бере алмаса
10-14	Егер талапкер тақырыпты, идеяны, Қайшылықтар күресін, әртүрлі дүниетанымдар қақтығысатын қақтығысты анықтай алмаса	10-14	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға күмәнді, нақтылай жауап бере алмаса, театр ,өнер саласы бойынша білім деңгейі төмен болса
5-9	Талапкердің емтихан талаптарына сай дайындығы болмаса	5-9	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған

			сұрақтарға толық жауап бере алмаса ,театр ,өнер саласы бойынша білім деңгейі дүниетанымы төмен болса
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Емтиханнан өтпейді

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: jakan-t@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com